

**6D110200 – Қоғамдық денсаулық сақтау мамандығы бойынша  
философия ғылымдарының докторы (PhD) дәрежесін алу үшін  
А.И.Игисенова дайындаған диссертациялық жұмысына**

**ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПІКІРІ**

А. И. Игисенованың «Медициналық, әлеуметтік және психологиялық көмек қажеттілігін зерттеу негізінде егде жастағы адамдарға медициналық-әлеуметтік көмекті жетілдіруді ғылыми негіздеу» атты диссертациялық жұмысы медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін уақтылы қамтамасыз етуде өзекті болып табылады.

Тұрғындардың қартаюы аурушандық пен мүгедектіктің өсуінен тұрғындардың әр түрлі медициналық-әлеуметтік көмек түрлерінің өзгеру сипатымен, кешенді медициналық-әлеуметтік қызметімен және өмір сапасы мен денсаулығын жақсарту үшін бағытталған.

Бұл мәселені зерттеуге көптеген ғылыми жұмыстарда, әсіресе А.И.Игисенованың нәтижелерінде тұрғындардың АМСК ұйымдарында медициналық, әлеуметтік және психологиялық көмекке қажеттілігіне деген жаңа бағалауды ұсынады.

Диссертацияда АМСК деңгейінде медициналық көмек көрсетуде егде және қарт жастағыларға арналған АМСК ұйымдастыру мәселелерінің негізгі заманауи мәселелері зерттелді.

Зерттеу міндеттерін шешу үшін ақпараттық-аналитикалық, социологиялық, статистикалық, математикалық және басқа да зерттеу әдістері пайдаланылды.

Ғылыми зерттеудің нәтижесі «Тәуелділікті сандық бағалаудың автоматтандырылған сарапатамалық жүйесінің (ТСБАСЖ)» технологиясы арқылы әзірленіп апробацияланып, АМСК деңгейінде егде және қарт жастағы адамдарға медициналық-әлеуметтік және психологиялық көмекті жетілдіру мен оңтайландыруға болады.

Диссертация материалдары бойынша 26 ғылыми еңбек басылып шығарылды, оның ішінде 9–ҚР БҒМ білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетімен ұсынылған ғылыми басылымдарда, 2 мақала - шетел Scopus базасында Research Journal of Pharmaceutical Biological and Chemical Sciences Sciences импакт-факторы 0,165 (Indexed and Abstracted in Scopus) және Annals of Tropical Medicine and Public Health Health журналында (Indexed and Abstracted in Scopus), импакт-факторы 0,174, 10 жарияланым – халықаралық және шетел конференция жинақтарында, 5 мақала жергілікті «Актуальные проблемы теоретической и клинической медицины» журналында басылып шығарылды.

Жұмыстың нәтижелері бойынша 2 шетелдік және 4 халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда баяндалды.

Докторант 2 авторлық құқық объектісіне құқықтық мемлекеттік тіркеу куәлігі алынды.

Докторант Игисенова А.И. өз жұмысында алдына қойылған мақсаттар мен міндеттерді орындауда дәйекті және адал зерттеуші ретінде дәлелдеді.

Сонымен, Игисенова А.И. 6D110200 – Қоғамдық денсаулық сақтау мамандығы бойынша PhD докторы ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынған «Медициналық, әлеуметтік және психологиялық көмек қажеттілігін зерттеу негізінде егде жастағы адамдарға медициналық-әлеуметтік көмекті жетілдіруді негіздеу» атты диссертациялық жұмысы аяқталған, дербес орындалған ғылыми жұмыс болып табылады.

Жоғарыда келтірілген мәліметтер негізінде ұсынылып отырған диссертацияның маңыздылығы бойынша алынған ғылыми нәтижелер Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәрежелерді беру ережелерінің» талаптарына сәйкес келетіндігін толығымен растаймын және Игисенова Альфия Имангалиевнаны 6D110200 – Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша PhD докторы ғылыми дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Ғылыми кеңесші,  
«Медициналық құқық курсымен бірге денсаулық сақтау саясаты және басқару» кафедрасының  
меңгерушісі: м.ғ.д., асс.профессор

Турдалиева Б.С.

